

Дельфиндер



Орындаған «Дельфин» тобы

МАҚСАТЫ:

- * Оқушыларды дельфиндермен таныстыру
- * Оқушыларды су асты жануарларымен таныстыру
- * Дельфиндерді қорғаудың маңызын түсіндіру



* Дельфин – сүтқоректілер класының киттәрізділер отрядына жататын тісті киттер тобының бір тұқымдасы.



Дельфиндердің сипаты




Дельфиндер тропиктік және қоңыржай белдеулердің теңіздерінде полюстік белдеу теңіздерінде де кездеседі. Көбіне топ құрып тіршілік етеді. Бұлардың дене пішіні жұмыр, ұзындығы бір – он метр. Көпшілік түрлерінің басы жұмыр және тұмсығы алға қарай шығыңқы келеді. Кей түрлерінің арқасында орақ тәрізді арқа қанаты бар. Жалпақ құйрық қанаты денесімен горизонталь бағытта орналасқан. Алдыңғы аяғының сүйектері қысқарып, саусақ сүйектері тұтасып ескекке айналған. Артқы аяғы мүлдем жойылған.

Дельфиндердің қозғалуы

- * Дельфиндер ескек аяқтарымен суда өте жеңіл әрі жылдам (сағатына елу километрге дейін) жүзеді. Жалғыз танау тесігі төбесінен ашылады, сол арқылы дельфиндер оқтын-оқтын су бетіне көтеріліп, ауамен тыныс алады.




Су
астындағы
дельфин



ДЕЛЬФИНДЕРДІ ТОПТАСТЫРУ

- * Дүниесі: Жануарлар
- * Жамағаты: Хордалылар
- * Табы: Сүтқоректілер
- * Сабы: Киттәрізділер
- * Кіші сабы: Odontoceti
- * Ұлы тұқымдасы: Delphinoidea
- * Тұқымдасы: Delphinidae



Қызықты фактілер



Ежелгі Грецияда дельфин өлтіргендер ауыр жазаға тартылатын болған. Гректер оларды "әулие балық" деп атайтын болған.



Дельфиннің
өкпесіндегі бір шай
қасық су оны оп-
оңай батырып
жібереді.





Дельфин шығарған ауа жылдамдығы сағатына 160 километрден асады



Дельфиндер адам сияқты қорегінің дәмін ажырата алады



- Кейде дельфиндер өздерінің тұмсықтарымен акулаларды да өлтіре алады.

Ғалымдардың пайымдауынша, дельфин даусын дұшпанын қорқыту үшін пайдаланады.

Кейбір дельфиндер алпыс сөзді ажырата алады. Мұндай мөлшерді сөзден 2000-ға жуық сөйлем құрауға болады.

Дельфиндер тістерін тек құрбанын ұстап қалу үшін пайдаланады, алайда қорегін шайнауға қолданбайды. Себебі оларда жақ бұлшық еттері жоқ.

АҚ ДЕЛЬФИН



Ақ дельфин (лат. *Delphinapterus leucas*) — нарвалдар тұқымдасының ақ дельфин түр тармағына жататын сүтқоректі.

Дене ұзындығы 6 м, салмағы 2 т, басы дөңгеленген, кішірек.

Дене түсі жасына байланысты өзгереді:

жаңа туған дельфин (ұзындығы 1,5-1,6 м) ақшыл-сұр соңынан караяды содан кейін түсі сұрланады ересектерінің түсі ақ.



Арктика, Чукотка, Беринг және Охота теңіздерінде таралған, кейде оңтүстік аймақтарында кездеседі. Балық және шаянтәрізділермен қоректенеді.

Жүйелі түрде орын ауыстырып тұрады жазда су жағалауымен ашық теңізде, қыста жусарда мекендейді. Балық соңында өзенге 100 шақырымға дейін жүзіп көтеріледі. Еріксіздікке төзімді.



Мекендейтін жері

Дельфиндерді қорғау

Dolphin Conservation киттер мен дельфиндерді қорғау қайырымдылық ұйымының деректеріне сәйкес 1 қыркүйектен 1 наурызға дейін өткізілетін дельфин аулау науқаны кезінде жыл сайын 17 мың дельфин өлтіріледі екен.

The Dolphin Project жобасының негізін қалаушы Рик О'Барри дельфин өлтірер алдында адамдарға қарай жүзіп келіп, олардан өздерін құтқаруын өтінген видеоны түсірген.



Қазір дельфиндерді мұхитариумдарда, дельфинариумдарда қолдан өсіріп, түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Дельфиннің кейбір түрінің Жапонияда, АҚШ-та, Соломон аралында кәсіптік маңызы бар. Олардың табиғатта санының азаюына байланысты 1966 жылдан аулауға тыйым салынған. Мысалы, Калифорния теңіз доңызы деген түрі Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген.



СОҢЫ

